

АНЫҚТАМА

Жалпымектепшілік ата-аналар жиналысы (АПҚО аясында)

Тақырыбы: «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» (АПҚО) аясында өткізілген мектепшілік ата-аналар жиналысы

Мақсаты: Мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту, бала тәрбиесіндегі ата-ананың жауапкершілігін арттыру, АПҚО жұмыс жоспарымен таныстыру және жаңа оқу жылындағы бірлескен міндеттерді айқындау.

Өткізілген мерзімі: қыркүйек, 2026 жыл.

Қатысқандар: Мектеп әкімшілігі, АПҚО үйлестірушілері, психологтар, сынып жетекшілері және 1-11 сынып ата-аналары.

Жаңа оқу жылының басталуына орай мектепте «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының» жоспары аясында жалпымектептік ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының 2025-2026 оқу жылына арналған мақсат-міндеттері және жұмыс жоспары
2. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету (жол қауіпсіздігі, буллингтің алдын алу, интернет қауіпсіздігі).
3. Мектеп формасы, сабаққа қатысу және ішкі тәртіп ережелерінің сақталуы.

Жиналыстың барысы: Жиналысты мектеп директоры Алиева Гүлім Сабитбекқызы ашып, Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының маңыздылығына тоқталды. Орталықтың басты мақсаты — баланың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мектеп пен ата-ананың мақсаттас болуын қолдау екені айтылды.

Мектеп психологы Арингазина Д.Д мен әлеуметтік педагог Жұмабаева А.А балалардың қауіпсіздігі, соның ішінде кешкі уақытта көшеде заңды өкілдерінсіз жүрмеуі, құқық бұзушылықтың алдын алу және отбасындағы мейірімділік климаты туралы сөз қозғады. Ата-аналарға баламен сенімді қарым-қатынас орнату бойынша жадынамалар таратылды.

Қорытынды: Ата-аналар тарапынан орталық жұмысына қолдау көрсетілді. Жиналыс соңында ата-аналар өздерін мазалаған сұрақтарға (тамақтану, үйірмелер, қауіпсіздік) толық жауап алды.

Шешім:

1. АПҚО жоспары бойынша өткізілетін тренингтер мен сабақтарға ата-аналардың қатысуы қамтамасыз етілсін.
2. Балалардың қауіпсіздігі мен тәрбиесіне ата-ана мен мектеп бірдей жауапты деп танылсын.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Каепов А.М